

14.11.2015 ж.

Ақырып теңдік сұраған

Сәуле ҚАСЫМОВА

1934 жылы қыркүйекте Нұрмақовтың атына Ағарту халкоматынан жауап хат келіп түсті. Онда ағымдағы жылда байырғы ұлт өкілдерін оқу орындарына қабылдау мен кадрлар дайындаудың қорытындысы жайында есеп берілген. Кестеден мұғалімдер даярлауда 1934 жылғы РКФСР-дағы педагогикалық институттардың күндізгі бөліміне қабылдау нормасының орындалуын байқап көруге болады.

1933 жылы 26-29 желтоқсанда өткен РКФСР-дағы аз ұлттар арасындағы жұмыс қызметкерлерінің 3-ші Жалпыресейлік мәжілісі бұған дейінгі жетістіктерді қорытындылап, келер міндеттерді айқындап берді. 26 желтоқсанда кешкі сағат 6-да М.Калинин атындағы клубта салтанатпен ашылған мәжілістің Президиум төріне Нұрмақов, Рысқұлов, Енукидзе, Таджиев, Киселев, Новиков және одақтық республикалардан Украина, Өзбекстан мен Белорусияның өкілдері отырды. РКФСР-дағы аз ұлттар арасындағы жұмыстың жайы мен міндеттері туралы басты баяндаманы Нұрмақов жасады. 1928 жылы өткен 2-ші мәжілістен кейінгі бес жыл уақыт аралығында Кеңестер Одағының еңбекшілері, оның ішінде РКФСР экономикалық, мәдени артта қалушылықты жойып, жаңа құрылысты жасауда, ұлт саясатын жүзеге асыруда зор табыстарға жетіп отырғанына терең талдау жүргізді. Бұған БОАК Президиумы мен ХКК-нің үнемі зор көңіл бөлгенін де атап өтті. Бұл органдар бұған дейін осы тақырыпты кең көлемде үш рет қараған, сәйкес шешімдер шығарып, оның орындалысын қадағалап отырған: а) БОАК мен РКФСР ХКК-нің 20.04.1930ж. Жұмысшы-шаруа инспекциясы халкоматының аз ұлттарға қызмет көрсетудегі халық комиссариаттарының жұмысын тексеру қорытындысы туралы; б) 10.02.1931 ж. аталған мәселе екінші рет қайта қаралған; в) 01.04.1932 ж. алдыңғы қабылданған шешімдердің орталықтағы, жергілікті жерлердегі орындалуын тексерген Жұмысшы-шаруа инспекциясы халкоматының есебі. Соңғысында көптеген толымды істерге қорытынды жасалып, кемшіліктер көрсетіліп, оларды жою жолдары ұсынылған еді. «2-ші Жалпыресейлік мәжілісте қойылған міндеттердің ең бастысы республикалар, өлкелер мен облыстарда аз ұлттар аудандарын, кеңестерін бөлу, құру болса, қазіргі таңда бұл шара толық аяқталды» дейді Нұрмақов. Одан әрі ол мақсат - жергілікті билік органдарын сол ұлттың тілін, тұрмысын білетін, олардың талап-тілектерін қанағаттандыруға қызмет ете алатын байырғы ұлт өкілдерінен құру арқылы аз ұлттарды жедел арада экономикалық, мәдени және шаруашылық жағынан көтеру болғанымен түсіндіреді. Бүгінде ұлттық аудандар мен селолық кеңестер негізінен жергілікті ұлт өкілдерінен құрылған, іс қағаздары да сол ұлттың тілінде жүргізіледі. Ұлттық азшылықты ұлыдержавалық шовинизмнен, бюрократтықтан қорғайтын мемлекеттік аппарат қызметкерлерін даярлау, билік органдарын жергіліктендіру, бұл – ұлт мүддесін іс жүзіне асырудың өзегі деп түйеді.

Оның айтуынша, шаруашылықтың артта қалған түрінен жаңа түріне көшу, аз ұлттарды өнеркәсіпке енгізу қарқыны жоғары. Ленинград облысында барлық жұмысшылардың 30% аз ұлт өкілдері. Орта Еділ өлкесінде 4 мыңнан астам мордва мен татарлар, Марий облысында ұлттық жұмысшылар 56%, Карелияда 20%, Башқұрт республикасында 12%. Орал мен Батыс Сібірдің өндіріс орындарында жүздеген татарлар мен башқұрттар, қазақтар еңбек етуде деп бірқатар оң шараларды атап өте келе, десек те, қолда бар мәліметтің әлі нақты еместігін ескерте кетеді. Бұл ретте негізгі кемшілік өндіріске тартылғандарды сол жұмыс орнында тұрақты қалдыру үшін оларға тұрмыстық-мәдени жағдайлардың жасалмауынан деген тұжырым жасайды.

Одан әрі Нұрмақов сауатсыздықты жою жұмысына арнайы тоқталды. Бұл бағытта ілгерілеушілік болғанымен кемшіліктер толығымен жойылды деп айтуға әлі ерте. Мектептер керек жабдықтармен толық жарактандырылмаған. Ұлттық педагогикалық кадрлар жеткіліксіз, бар болса сапалық деңгейі сын көтермейді. Көп жерлерде мұғалімдердің дайындығы тек 2-3 айлық білім көтеру курстарымен шектеледі. Әрине, мұндай сапамен алысқа бара алмайтынымыз түсінікті. Тағы бір кедергі – оқулық мәселесі. Аз ұлттарды оқулықпен автономиялық республикалар қамтамасыз етуі міндетті. Мысалы: Төменгі және Орта Еділ қазақтары Қазақстанда, татарлар Татарстанда шығарылған оқулықпен оқуы тиіс, өкінішке орай осы

талап толық орындалмай отыр. Мектептер ескі оқулықтарды пайдалануға, тіпті кейде оқу құралынсыз оқуға мәжбүр болуда. Тұтастай алғанда Нұрмақов «бізге – БОАК Ұлттар Бөліміне, автономиялы республикалар мен облыстардағы аз ұлттар бөлімдеріне, аз ұлттардың аудандық кеңестеріне мәдени құрылысты түбірімен жақсарту керек» деген түйінге келді.

Қорытынды сөзінде Нұрмақов аз ұлттармен жұмыстағы негізгі кедергі - ұлыдержавалық, ұлыорыстық шовинизмнің бой көрсетуіне арнайы тоқталды. Мысалы, Солтүстік Кавказдағы Новороссийск қаласында аз ұлттар көптеп саналады. Алайда, қалалық кеңес олардың мәдени-тұрмыстық қажеттіліктеріне ұзақ уақыт назар аудармай келген. Құмды жерге қоныс тепкен 300 қалмақ шаруашылықтары өндіріс тауарларымен, азық-түлікпен дұрыс қамтылмағандықтан кедейшілік күйге түскен. Жағдай сол жерге тек БОАК Ұлттар Бөлімі өкілінің баруымен ғана шешімін тапты. Әрине, бұл 300 отбасы біреуге барлық Солтүстік Кавказ тұрғындарының арасында теңіздің тамшысындай болып көрінер, алайда, олардың да өздеріне дұрыс, белсенді, оң қарым-қатынасқа құқы бар, бұл жергілікті басшылар тарапынан бюрократтық, кемсітушілік, ұлт саясатын өрескел бұзу болып саналады. Тағы да осы Солтүстік Кавказдың Анапа ауданындағы Джигинка ауылының барлық тұрғындары неміс ұлтынан болса да, ауылдық кеңес құрамына бірде-бір неміс қызметкері кірмеген. Оның жауабын жергілікті басшылар «мұндағы немістердің барлығы – кулактар» деп түсіндіреді. Селода неміс шаруаларына заңсыз төлемдер жүктелген, төлей алмаған 13 шаруаны 7 жыл мерзімге мәжбүрлеу жұмысына кескен. Бұл ашу-ыза туғызған заңсыздыққа БОАК араласуымен тосқауыл қойылды. Батыс облыста әлеуметтік банк конторы РКФСР Жер халкоматының сыған колхоздарын нығайтуға бөлген 30 мың сом ақшасын бермеген, нәтижесінде колхоз тұрғындары тарап кеткен. Бұл жөнсіздік те бізге мәлім болған соң ғана жолға қойылды. Ұлыорыстық шовинистік көзқарастың салдарынан Доргабуждегі педтехникумның сыған бөлімі тарап тынды. Сондай-ақ, Қиыр Шығыс және Батыс Сібір өлкелерінде де қытай және кәріс ұлты жұмысшыларына мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудегі кемшіліктер анықталды. Нұрмақовтың мұндай жекелеген фактілерді айналып өтуге болмайтынын, онымен түп-тамырын жойғанше күресу керектігіне, барлық органдарда – әрбір өндіріс орындарында, кеңестік мекеме мен қоғамдық ұйымдарда бірде-бір аз ұлт өкілі көлеңкеде қалып қоймай, мүдделері ескерілуі қажеттігіне зор мән беруі қатысушылардың назарын аударды. Тұтастай алғанда ол бұл үлкен міндет БОАК Ұлттар Бөліміне және республикалар, өлкелер мен облыстардағы аз ұлттар бөлімшелеріне жүктелетіндігі, сондықтан, алдағы уақытта БОАК арқылы аз ұлттар бөлімдеріндегі қызметкерлердің жағдайын жақсарту, басқалармен теңестіру қажеттігі туралы қорытындыға келді.

Нұрмақов өзінен кейін сөз алған Жер ісі халкомы Мырзағалиевтің, Ағарту және Денсаулық сақтау халкоматтарының қызметкерлері Орахелашвили мен Кацваның баяндамаларын өткір сынға алды. «Біздің халкоматтарда жекелеген аудандар мен өлкелердегі аз ұлттардың жағдайы қалай, қандай мұқтаждықтары бар екендігі жүйелі есепке алынбаған. Мектептерді жергіліктендіру, тіл мәселесіне көңіл жете бөлінбейді. Біздің мақсат барлық ұлт өкілдеріне өзінің ана тілінде бастауыш білім алуды қамтамасыз ету. Көріп отырғанымыздай Ағарту халкоматы толық мәлімет бере алмады. Жұмысты жетілдіру қажет» деп атап көрсетті.

Төрт күнге созылған алқалы мәжіліс қандай нәтиже берді деген сұрақтың тууы, әрине, заңды. Деректерге жүгінсек, Ұлттар Бөлімі қабылданған шешімнің орындалысын әр үш ай, жарты жыл сайын жіті бақылап отырған. Мәселен, келесі мазмұндағы хаттар барлық халкоматтарға жолданды. «Ағарту халкоматына! 1934 жылы 9 желтоқсанда БОАК Ұлттар Бөлімінің ұйымдастыру мәжілісінде Удмурд АКСР-нің, Горький өлкесінің, Марий, Ленинград, Мәскеу облыстары аз ұлттар бөлімдері меңгерушілерінің аз ұлттар арасындағы жұмыстың жайы туралы баяндамалары және Ағарту халкоматына 3-ші Жалпыресейлік мәжілістің Сіздің халкоматқа қатысты қаулысының орындалысы тыңдалатынын хабарлайды. Ұлттар Бөлімі меңгерушісінің орынбасары Такоев».

1935 жылы 26 сәуірде РКФСР Денсаулық халкоматына, 28 қыркүйекте Ағарту халкоматына хат жолданды. Онда 3-ші Жалпыресейлік аз ұлттар арасындағы жұмыс қызметкерлері мәжілісінің шешімдерінің орындалысы туралы хабарлауды тапсырған хат соңына Ұлттар Бөлімінің меңгерушісі Нұрмақов қол қойған. Осындай мазмұндағы алмасу хаттарын көптеп келтіруге болады:

13. 10. 1935 ж. Ұлттар Бөліміне, Нұрмақов жолдасқа!

Аз ұлттар мектептерін ана тіліндегі оқулықтармен қамту бойынша келесі жұмыстар атқарылды: 1) Бүгінгі таңда Татарстандағы татар мектептері үшін оқулықтар жіберілген, жергілікті жерлерден ешқандай

шағым жоқ. 2) Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақ мектептеріне оқулықтардың жіберілгендігі туралы 10.09.1935 ж. Қазақстан Ағарту халкоматынан материал алынды. 3) Чуваш АКСР және Поволжье немістері АКСР-нен оқулықтардың жіберілгендігі жайында қатынас қағаз келді. 4) 1936 жылдың баспа ісі жоспарына орыс емес мектептер үшін қосымша тағы 4 000. 000 оқулық шығару енгізілді. Ағарту басқармасы бастығының орта және бастауыш мектептер бойынша орынбасары – Гусейнов.

Нұрмақовтың ағарту саласының жетістіктері жайындағы ойлары 1937 жылы ақпанда «Советское строительство» журналында жарияланған мақаласында көрініс тапты. Онда ол бүгінгі таңда РКФСР-де бастауыш, толық және толық емес орта 106 мың мектепте 17,4 млн бала білім алып жатқанын, 1924-1936 жылдарда орта мектептер саны үш есе, жетіжылдық мектептер саны он бір есеге артқанын айта келе, таяу арада жаппай жетіжылдық білім беру толық жүзеге асатынына сендіреді. Сол уақыт адамдарының, еңбекші халықтың өздерінің тұрмысындағы оң өзгерістерге деген қуанышты көңіл-күйін 1937 жылы қаңтарда Кеңестердің Бүкілресейлік XVII Төтенше съезіне келген делегаттардың сөздері де растайды: «Бұрын Эвенкий ұлттық округінде бір де бір мектеп болмаса, қазір 19, Таймыр ұлттық округінде 2-ақ мектеп болса, қазір 28. Бұрын солтүстік халықтарына ешқандай дәрігерлік жәрдем көрсетілмеді, емдеу орындары болған жоқ. Ал қазір ше? Таймыр округінде 12, Эвенкий округінде 7 аурухана, амбулатория және дәрігерлік пункт бар». Бұл Қиыр Солтүстіктегі ұлт өкілдерінің пікірі. Айтпақшы, 1934 жылы осы Таймыр, Эвенки, Ямало-Ненец т.б. ұлттық округтерін құрып, бірнеше ұлттық ауылдық кеңестердің бөлінісіне Нұрмақовтың өзі барып басшылық жасаған болатын. Осы бір табиғаты қатал аймақта қажырлылықпен өмір сүріп жатқан қарапайым еңбек адамдарының ризашылығын аркалап, қуаныштарымен бөлісіп, бірге естелік суретке де түскен еді. Іс-сапар барысында ол еңбекші халықтың хал-жағдайымен танысып, ондағы аз ұлттар бөлімшелерінің жұмысына бағыт-бағдар, жәрдем берді, аймақта кезек күттірмейтін мәдени-ағарту, денсаулық мекемелерінің құрылысын салуды РКФСР ХКК-не ұсынғанының нәтижесі – халық көңілінің көлдей тасуы десек артық айтқандық емес.

1932 жылы 1 қарашада БОАК Президиумының кезекті мәжілісінде Ұлттар Бөлімінің РКФСР-дің автономиялы республикалары, облыстары мен ұлттық аудандарында кеңестік аппаратты жергіліктендірудің жай-күйі мен міндеттері туралы баяндамасы жасалды. Автономиялы республикалар мен облыстардың әкімшілік-басқару органдарында жүздеген, мыңдаған ұлттық қызметкерлер болғанымен, бұл кеңестік сайлау органдарына тартылғандарға қарағанда әлі төмен. Себебі, ұлттық білікті кадрларды дайындау сұранысты әлі де қанағаттандыра алмай жатыр. Әсіресе, Солтүстік Кавказ бен РКФСР-дың азиялық бөлігі артта қалуда. Ұлттық аудандардың экономикалық-мәдени өсуі ұлттық аппаратты құруға қолайлы жағдай жасайды. Кеңестік аппаратта қазір қолданыста жергілікті ұлт тілі. Десек те, көп жерлерде жергілікті ұлттың тілін білетін орыс қызметкерлері 5-6% ғана және көпшілігінде үйренуге ынта жоқ.

Жарыссөзге шыққан Нұрмақов: «партияның XII съезінде басқаруды жергіліктендіру, басқаруды ұлтқа қызмет етуге жақындастыру, ұлт өкілдерін мемлекетті басқаруға енгізудің принциптік және тәжірибелік маңыздылығы айтылған» деп бастады сөзін. Мұны іске асырудағы міндеттердің бірі билік органдарына ұлттың тілін, тұрмысын, әдет-ғұрпын білетін жергілікті адамдарды тарту болып саналады. Маңыздылығын түсінсе де тек жергілікті жерлерде ғана емес, орталық кеңестік мекемелерде де бұл іске дұрыс мән беріліп отырған жоқтығын көрсете келе ол «аппаратты жергіліктендіруде кей жерлерде жергілікті ұлтшылдар орыстарды аппараттан шығарып тастағысы келсе, орыс қызметкерлері аз ұлт өкілдерінің тіліне, тұрмысына менсінбей қарап, үстемдік, қиянат жасауын қоятын емес, оларды мемлекеттік басқаруға енгізуге қарсы. Шынын айту керек, бұл біздің орталықта да бар, бізде ұлыдержавалық шовинизм басты қауіп төндіріп отыр» деп өткір сынады. Нұрмақовтың пікірінше, ұлттық аудандарда мемлекеттік аппаратты техникалық жабдықтау шараларын қабылдау қажет. Іс қағаздарын ұлт тілінде жүргізіміз келсе жазу машиналарын, көбейткіштер, қағаз басатын аспап - стеклографтар, қолжазбаны көбейтетін – шапиграфтарды жасау, онымен жабдықтауды шұғыл арада жақсарту керек. Бұлар алыс ұлт аудандарында жетіспейді. Егер осылармен қамтамасыз етсек, жағдай алға жылжыр еді. Біздің практикалық мүмкіндіктеріміз бар, бұл жерде Ауыр өнеркәсіп халкоматына қарасты кейбір істері шабан мекемелер қатарға қосылуы қажет.

Жалпы Нұрмақов осы XII съезд шешімдерін 1923 жылы қабылданған кезден бастап-ақ іске асырған еді. Сондықтан, оның бұл істе үлкен тәжірибесі болды. 1923-1924 жж. Әділет халық комиссары, 1924-1929 жж. Қазақстан үкіметін басқарған уақытта бұл игілікті іс кеңінен қанат жайған болатын. Әділ сын қашан да оң нәтижесін беретіні анық. Кейіннен Нұрмақов ұлттық республикалар мен облыстардың, әрі олардың

әрқайсысында ұлттық аудандар мен ауылдық кеңестердің құрылуы ұлттандыру, жергіліктендіру мәселесін жүзеге асыруға ықпал еткенін мақтанышпен айтады: ұлттық аудандарда ұлт қызметкерлерін мемлекеттік аппаратқа тартумен қатар күнделікті өмірде жергілікті ұлт тілі қолданысқа енген. Әр ұлттық ауданда жергілікті ұлттың әрбір азаматы мемлекеттік органдарға өзінің ана тілінде хабарласып, ана тілінде жауап алуға мүмкіндігі бар. Бүгінгі күні барлық ұлттың тілінде газеттер шығарылады.

Өндірістің, индустрияның қарқынды дамуы ұлттық жұмысшы-мамандарға деген сұранысты арттыра түсті. Нұрмаковтың пікірінше, мемлекеттік аппаратты ұлттандырудағы қазіргі кездегі маңызды міндет – барлық салада білікті ұлттық жұмысшы-кадрларын дайындау. Мұны іске асыру екі бағыттағы мәселені: ұлттық кадрларды тарту және ана тілінде іс жүргізуді неғұрлым толық әрі тез шешіп берер еді» дейді. Жергілікті ұлт өкілдерінен маман-кадрларын дайындау БОАК Президиумының, Президиум Секретариатының, Ұлттар Бөлімінің мәжілістерінде сан мәрте қаралып, кешенді түрде шешу жолдары белгіленді. Еңбекші жастарды фабрика-зауыт оқуы (ФЗО), кәсіптік мектептерге тартудан бастап ұлттық аймақтарда жоғары оқу орындарының санын көбейту жылдан-жылға жүйелі жүргізілгенін ерекше айтқан дұрыс. Өндіріс жетекшілеріне ұлт мамандарын тәрбиелеу, шыңдауда арнайы жауапкершілік жүктелді. Жұмысшыларды жергілікті ұлттық ортадан басқа жерлерге: республикалық, одақтық маңызы бар өндіріс орындарына арнайы дайындық үшін жіберу және дайындық аяқталған соң өздерінің жұмыс орындарына оралуын ұйымдастыру әр автономиялы республика, облыс және өлкелік атқару комитеттеріне, Еңбек халық комиссариатына, Халық шаруашылығының жоғарғы кеңесіне жүктелді. Мемлекеттік техникалық баспаға ғылыми-көпшілік техникалық әдебиеттерді жергілікті ұлт тілінде басып шығаруды кеңейту тапсырылды. Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Еңбек халкоматына бір ай мерзім ішінде ұлттық жұмысшыларды қалыптастыру мен олардың арасынан білікті мамандар даярлаудың нақты жоспарын құру жүктелді.

Нұрмаков 1934 жылы Кеңестердің Жалпыресейлік XVI съезінде сөйлеген сөзінде ұлттық білікті кадрларды дайындаудағы қомақты табыстарды атап өтеді. 1928 жылы жоғарғы оқу орындарының саны – 22 болса, бүгінде – 43, техникумдар – 94 болса, қазірде – 350. 1933-1934 оқу жылында автономиялық республикалардың жоғары оқу орындарында 20 мыңға жуық, ал республикалардан тыс жерлерде 12 мыңдай ұлттық еңбекші жастар білім алғанын айтады. Сол уақытта бір ғана Поволжье немістері АКСР-де 3 жоғары оқу орны: педагогикалық, ауыл шаруашылығы институттары және Жоғары неміс ауыл шаруашылығы коммунистік мектебі, 11 техникум, 3 жұмысшы факультеті жұмыс жасаған. Саратов медицина институтында неміс бөлімі ашылып, 1933 жылы оны – 45, медициналық техникумды 65 түлек бітіріп шыққан. 1935 жылға қарай Тәжікстанда – 4, Арменияда – 7, Азербайжанда – 9, Қазақстанда – 13, Башқұртстанда – 5, Қырғызстанда – 2, Белоруссияда – 15 жоғары және жоғары техникалық оқу орындары ашылды.

Жалпы ұлттандыру, ұлт тілі мен мәдениеті, ана тілінде білім беру – Нұрмаковтың бүкіл өмірі және қызметімен қоса өріліп, тұтасып жатыр десек, сірә, қателеспейміз. Туған Қазақстанның күннен-күнге өркен жайған келбетін одақтық мінберлерден сан мәрте қуана хабарлап, биліктің тізгіні қолында тұрғанда елден жырақта жүрген қазақтарға қамқорлық танытқанын біреу білсе, біреу білмес. Соның дәлелі 1934 жылы Нұрмаковтың ұсынысымен Мәскеу облысы Сталиногорск (қазіргі Тула облысы, Новомосковск қаласы) қаласында арнайы қазақ балалары (жетім, жалақысы аз жұмысшылардың балалары) үшін 80 орындық балалар үйі ашылып, оны қаржыландыру жергілікті бюджетке жүктеліпті.

1931 жылы 15 тамызда БКП(б) ОК-нің Кеңестер Одағының болашақтағы үшінші көмір базасы – Қарағанды көмір бассейнін құру туралы қаулысы қабылданғаннан кейін қала құрылысын дамыту, мәдени-ағарту мекемелерін салу кеңінен өріс алды. Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағатының деректерінен БОАК Президиумы мәжілісінде Қарағанды қаласының дамуы, оны ұйымдастырудағы қалалық кеңес жұмысының жайы бірнеше мәрте қаралып, тиісті шешімдер шығарылғандығына куә болдық. Нығметтің «ұлт мектебін ашу, ана тілінде білім беру, ұлт мамандарын даярлау керек» деген ізгі тілегі мен жарқын істерінің лебі ол туған өлкеге де жетпей қойған жоқ. 1934 жылы ұядан ұшқан қос қарлығаштың сыңарындай балапан қанатын қағып, қаланың Михайловка ауданындағы шағын ғана ғимаратта қазақ мектебі ашылып, кенші, жұмысшы қазақтардың балаларына ана тілінде білім бере бастады. Алайда, бұл – қатардағы көп мектептің бірі емес еді. Жылдар өте келе Нығмет есімін иеленіп, оның кенеттен үзілген жалын ғұмырын, аяқталмаған асыл арманын, ұлт мұраты жолында атқарған істерін жалғастырған, Қарағанды қаласының ортасынан орын теуіп қала қазақтарына қазақтығын ұмыттырмай сақтап қалған, қырдағы дихан мен малшы

балаларының екінші үйіне айналып білім бұлағымен сусындатқан, талай-талай ғалым, оқымысты, дүлдүлдер мен саңлақтарды түлеткен бүгінгі қазақ мектептерінің қара шаңырағы – Нығмет Нұрмақов атындағы №2 мектеп-интернат болатын. Асыл аға аманатының орындалғаны, тағылым сабақтастығы деген осы болар.